

ҒТАХР 18.45.07
ӘОЖ 792

DOI 10.56032/2523-4684.2025.4.16.60

А. Ешмуратова¹

¹Күләш Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Университеті

ORCID ID: 0000-0002-6531-3863

E-mail: anaraesmuratova974@gmail.com

(Астана, Қазақстан)

М. Марғұланқызы^{2*}

¹Күләш Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Университеті

ORCID ID: 0009-0007-3552-2561

E-mail: maira0048@gmail.com

(Астана, Қазақстан)

«ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЭПОСЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ БЕЙНЕСІНІҢ ГҮЛНАЗ БАЛПЕЙІСОВА РЕЖИССУРАСЫНДАҒЫ САХНАЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕНДЕРЛІК-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Аннотация

Бұл мақалада «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» эпосындағы әйел бейнесінің Гүлназ Балпейісова режиссурасындағы сахналық және гендерлік-философиялық интерпретациясы қарастырылады. Зерттеуде Баян сұлу тұлғасының жеке болмысы, эмоциялық табиғаты мен әлеуметтік рөлінің қазіргі театр тілі арқылы ашылу ерекшеліктері талданып, әйел образын символикалық және пластикалық тұрғыда қайта пайымдауға бағытталған режиссерлік және актерлік шешімдер айқындалады. Қойылымдағы гендерлік ұстанымдар мен әйел дауысының мәдени-әлеуметтік маңызы эпостық мұраны қазіргі қоғам контекстінде жаңаша түсіндіру тұрғысынан зерделенеді. Мақалада әйел тұлғасының еркіндік, таңдау және рухани қуат идеяларымен байланысы көрсетіліп, қазақ театрындағы әйел образын интерпретациялаудың жаңа бағыттары айқындалады. Зерттеу нәтижелері театртанушыларға, режиссерлерге және гендерлік зерттеулермен айналысатын ғалымдарға практикалық тұрғыдан пайдалы.

Түйінді сөздер

әйел тақырыбы, театр өнері, символ, интерпретация, сахна, лиро-эпос.

Дәйексөз үшін

Ешмуратова, А. Марғұланқызы, М. 2025. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» эпосындағы әйел бейнесінің Гүлназ Балпейісова режиссурасындағы сахналық және гендерлік-философиялық интерпретациясы. Arts Academy ғылыми журналы №4(16): 60–74.

МРНТИ 18.45.07
УДК 792

DOI 10.56032/2523-4684.2025.4.16.60

А. Ешмуратова¹

¹Күләш Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Университеті
ORCID ID: 0000-0002-6531-3863.

E-mail: anaraesmuratova974@gmail.com

(Астана, Қазақстан)

М. Марғұланқызы^{1*}

¹Күләш Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Университеті
ORCID ID: 0009-0007-3552-2561

E-mail: maira0048@gmail.com

(Астана, Қазақстан)

СЦЕНИЧЕСКАЯ И ГЕНДЕРНО-ФИЛОСОФСКАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ ЖЕНСКОГО ОБРАЗА В ЭПОСЕ «ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» В РЕЖИССУРЕ ГУЛНАЗ БАЛПЕЙИСОВОЙ

Аннотация

В статье рассматривается сценическая и гендерно-философская интерпретация женского образа в эпосе «Козы Корпеш – Баян сулу» в постановке режиссёра Гульназ Балпейисовой. В исследовании анализируются особенности раскрытия личности, эмоциональной природы и социальной роли Баян сулу через язык современного театра, определяются режиссёрские приёмы символического и пластического переосмысления женского характера, анализируются гендерные акценты постановки и культурно-социальное значение женского голоса в спектакле. Показано, как по-новому трактуется эпическое наследие в контексте современных ценностей, связанных со свободой, выбором и духовной силой женщины. В работе рассматривается роль актёрских решений и режиссёрской композиции в углублении женского образа. Статья способствует осмыслению новых направлений интерпретации женских персонажей в казахском театре. Результаты исследования могут быть полезны театроведам, режиссёрам и исследователям в области гендерных исследований.

Ключевые слова

женская тема, театр, символ, интерпретация, сцена, лиро-эпос.

Для цитирования

Ешмуратова, А. Марғұланқызы, М. 2025. Сценическая и гендерно-философская интерпретация женского образа в эпосе «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» в режиссуре Гульназ Балпейисовой. Научный журнал "Arts Academy", № 4(16): 60–74.

IRSTI 18.45.07
UDC 792

DOI 10.56032/2523-4684.2025.4.16.60

A. Yeshmuratova¹

¹Kazakh National University of Arts named after Kulyash Baiseitova

ORCID ID: 0000-0002-6531-3863.

E-mail: anaraesmuratova974@gmail.com

(Astana, Kazakhstan)

M. Margulankyzy^{2*}

¹Kazakh National University of Arts named after Kulyash Baiseitova

ORCID ID: 0009-0007-3552-2561

E-mail: maira0048@gmail.com

(Astana, Kazakhstan)

STAGE AND GENDER-PHILOSOPHICAL INTERPRETATION OF THE FEMALE CHARACTER IN THE EPIC KOZY KORPESH – BAYAN SULU DIRECTED BY GULNAZ BALPEISOVA

Annotation

*This article explores the stage and gender-philosophical interpretation of the female character in the epic *Kozy Korpesh – Bayan Sulu* as presented in Gulnaz Balpeisova's theatrical production. It analyses how the personality, emotional nature, and social role of Bayan Sulu are articulated through the language of contemporary theatre, focusing on directing and acting strategies that enable the symbolic and plastic reinterpretation of the female character. The study demonstrates how epic heritage is reimagined in relation to modern values associated with women's freedom, choice, and spiritual strength, and highlights the cultural and social significance of the female voice within the performance. The findings contribute to the understanding of contemporary approaches to representing female images in Kazakh theatre and may be of interest to theatre scholars, directors, and researchers in gender studies.*

Key words

female image, Kazakh theatre, symbol, interpretation, lyrical epic.

Cite

Yeshmuratova, A. Margulankyzy, M. 2025. Stage and gender-philosophical interpretation of the female character in the epic *Kozy Korpesh – Bayan Sulu* directed by Gulnaz Balpeisova. *Arts Academy Scientific Journal*, no. 4(16): 60–74

Кіріспе. Қазақ фольклоры – ел рухының көрінісі, ұлттың дүниетанымына, сезіміне, моральдық-эстетикалық жүйесіне терең әсер еткен асыл қазына. Сол фольклордың арасында лиро-эпостық жырлар ерекше орын алады: махаббат, тағдыр, адамгершілік пен тарихи сабақтар арқылы ұлттың рухани мемлекетін айқындайды. Оның ішіндегі ең көрнекті туындылардың бірі – «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» – ғашықтық пен әділеттілікті дәріптейтін қазақтың эпостық жыры. Түрколог М. Жолдасбеков пен фольклортанушы ғалым С. А. Қасқабасовтың пікірінше: «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры – ұлттық фольклорымыздың ең асыл маржандарының бірі, бірақ бұл қалыпқа ол бірден жетпеген. Оның ең алғашқы түп-сюжеті ауызекі әңгіме немесе аңыз, яки ертегі түрінде айтылып, фольклорлық тұтастану процесіне V–VI ғасырларда түскен болу керек» (Жолдасбеков, Қасқабасов 2002, 16). Бұл жыр ғасырлар бойы ауызша айтылған, халықтың сан алуан өңірлерінде өзгеріп, толыққан нұсқаға келіп, қазіргі әдебиетке, театрға және мәдени сананы жаңғыртатын көркем етке айналған. Бүгінгі таңда бұл жырдың сахналық интерпретациялары – классикалық драмадан бастап экспериментальды режиссураға дейін – қазақ театрында маңызды пластқа ие. Солардың ішіндегі ең қызықты бағыттардың бірі – Қалибек Қуанышбаев театры сахнасында

Гүлназ Балпейісова режиссерлігімен қойылған «Баян Сұлу – Қозы Көрпеш» спектаклі. Бұл нұсқасы классикалық мазмұнды сақтай отырып, әйел тұжырымы, гендерлік теңдік, символика мен пластика арқылы жаңа көркемдік деңгейге көтерілді.

Қазіргі заман театр өнері – қоғамның рухани өміріндегі ең өзекті салалардың бірі. Ол тек көркемдік эстетикалық құндылықтарды ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік, мәдени және этикалық мәселелерді де көтереді. Театр өнеріндегі әйел бейнесін зерттеу – тек көркем образды талдау емес, сонымен қатар әлеуметтік-философиялық және мәдени құбылыстарды түсінудің бір жолы. Сонымен қатар, әлемдік театр кеңістігіндегі әйел теңдігі тақырыбы да ғылыми деңгейде кеңінен қарастырылуда. Мәселен, халықаралық зерттеулерде: «Қазіргі театр кеңістігінде әйел авторлар мен режиссерлер шығармашылық үдеріс барысында ер әріптестеріне қарағанда гендерлік теңдік қағидаттарын ұстануға бейімділік танытады» (Orda et al. 2021, 660) делінген. Қазақ театрында әйел тақырыбы XX ғасырдың басынан бастап ерекше қарқынмен дамыды. Бұл кезеңде сахнада ұлттық сана, еркіндік, махаббат пен аналық қасиет ұғымдарына жаңаша көзқарас қалыптасты. Осындай тақырыптар арқылы театр қоғамдағы әйелдің орнын, оның тағдырын, ішкі әлемін және рухани күшін көрсетудің ерекше

тіліне айналды. Әйел тақырыбының өзектілігі қазіргі қоғамда да бәсеңдеген жоқ. Керісінше, әлеуметтік теңдік, гендерлік рөлдер мен рухани жаңғыру мәселелері аясында ол жаңа мағынаға ие болуда. Театр сахнасы осы үдерістердің көркем айнасы іспетті, қоғамдағы әйелдің бейнесін талдаудың және оны жаңаша пайымдаудың маңызды кеңістігіне айналды. Эпостың көркемдік болмысы мен мазмұндық құрылымында әйел бейнесі ерекше мәнге ие. Баян Сұлу – тек ғашық жар ғана емес, ол рухани еркіндік пен адамдық қасиеттің, әйел парасаты мен тәуелсіз таңдау құқығының символы. Көрнекті жазушы, драматург, ғалым М.О. Әуезов Баян сұлу тұлғасын былайша сипаттайды: «Баян – ақылды, орнықты мінезді қыз. Өзінің сүйіспеншілік сезімін ажалдан да жоғары бағалайды, оған кір жұқтырмайды. Оның махаббат жолындағы қасиетті ерлігі – жер жүзі дастандарында, ең көркем үлгілерде ғана ұшырасатын зор қасиет ретінде суреттеледі» (Әуезов 2014, 222). Сондықтан бұл образ қазіргі заманғы театр сахнасында жаңаша интерпретацияланып, гендерлік және әлеуметтік мәселелер тұрғысынан жаңа қырынан қарастырылуы аса өзекті болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, Гүлназ Балпейісова режиссурасындағы «Баян Сұлу – Қозы Көрпеш» спектаклі қазақ эпикалық дәстүрін қазіргі заман эстетикасымен ұштастырып, классикалық мәтінді жаңа сахналық тілде сөйлете білуімен

ерекшеленеді. Режиссер әйел образы арқылы тек махаббат пен тағдыр мәселесін ғана емес, қоғам мен тұлғаның ішкі еркіндікке ұмтылысын, рухани тепе-теңдікті іздеуін бейнелейді. Сонымен қатар, бұл тақырыптың өзектілігі театртану ғылымының жаңа әдіснамалық бағыттарымен – гендерлік талдау, мәдени символизм және сахналық интерпретация теориясымен сабақтас. Қазіргі әлемдік театр тәжірибесінде әйел режиссурасы мен авторлық көзқарастың маңызы артып келеді (Reichl 2021, 48–50). Қазақ театрында да әйел шығармашылығының көтерілуі – ұлттық өнердің дамуындағы жаңа кезеңнің айғағы. Сонымен қатар, әлемдік театр тәжірибесіндегі әйел тақырыбының көрінісі мен Scopus базасындағы зерттеулерге сүйене отырып, әйел тақырыбының қоғамдағы маңыздылығын айқындау көзделеді. Бұл мақсат эпикалық дәстүр мен қазіргі театрдың өзара ықпалдастығын, ұлттық дүниетаным мен гендерлік ұстанымдардың сахна тілі арқылы көрініс табуын ашып көрсетуге бағытталған. Сонымен қатар зерттеу қазақ театрының заманауи режиссурасында әйел тұлғасын орталыққа шығару тенденциясын айқындап, фольклорлық мәтіннің бүгінгі мәдени кеңістікте қайта жаңғыруының ғылыми негіздемесін ұсынады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Бұл зерттеу материалы

ретінде Астана қаласындағы Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының сахнасында қойылған «Баян сұлу – Қозы Көрпеш» спектаклі алынды. Қойылымның режиссері – Гүлназ Балпейісова. Бұл туынды қазақтың ежелгі ғашықтық жыры «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосының жаңа замандық сахналық интерпретациясы болып табылады. Зерттеу барысында қойылымдағы әйел бейнесін ашудағы режиссерлік шешім, актерлік ойын мен пластикалық көріністер талданды. Гүлназ Балпейісова классикалық эпосты бүгінгі заманның рухани кеңістігімен сабақтастырып, Баян бейнесін заманауи әйелдің ішкі еркіндігі мен таңдауының символы ретінде ұсынған. Зерттеу барысында бірқатар кешенді әдістер қолданылды:

Көркемдік-талдамалық әдіс – спектакльдің құрылымы, бейнелер жүйесі мен режиссерлік шешімдер тереңінен сараланды.

Салыстырмалы талдау әдісі – эпостық түпнұсқа мен қазіргі сахналық интерпретация арасындағы идеялық және мазмұндық айырмашылықтарды анықтауға мүмкіндік берді.

Көркемдік-эстетикалық талдау барысында спектакльдің сахналық шешімдері – безендірілуі, актерлік ойын, музыкалық және визуалды элементтер – тарихи шындықты жеткізу тұрғысынан кешенді бағаланды.

Мәдени-символдық талдау әдісі – әйел бейнесінің мәндік және идеялық қырларын, оның қазақ мәдениетіндегі рухани-эстетикалық маңызын ашуға бағытталды. Осы әдістердің үйлесімді қолданылуы «Баян сұлу–Қозы Көрпеш» спектакліндегі әйел бейнесінің терең мазмұнын, режиссерлік интерпретацияның ерекшеліктерін және ұлттық театр кеңістігіндегі көркемдік ізденістерді жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

Тақырып бойынша әдебиеттерге шолу. Қазақ фольклоры мен эпикалық дәстүрі – ұлт рухының тарихи жад пен эстетикалық танымның көрінісі. Солардың ішінде «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосы – махаббат пен адамгершіліктің мәңгілік идеясын бейнелейтін, қазақ мәдениетінің символдық кодына айналған туынды. Бұл эпос ғасырлар бойы ауыз әдебиеті арқылы сақталып, кейін жазба және сахналық нұсқаларда жаңа интерпретациялық сипаттарға ие болды. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, аталған эпосқа қатысты зерттеулер фольклортану, әдебиеттану және театртану тұрғысынан кең өріс алды. Бұл эпостың көркемдік болмысы мен тарихи табиғатын әр кезеңде көптеген ғалымдар жан-жақты зерттеген. Аса көрнекті ғалым М. Жолдасбеков пен әдебиеттанушы С.А. Қасқабасов (2002) жырдың тарихи-генетикалық негіздері мен қазақ фольклорының теориясын зерттесе, драматург, ғалым М. Әуезов

(2014) лиро-эпостық жырлардағы әйелдердің адалдығы мен махаббаты ұлт рухының көркем көрінісі екенін атап өтеді. Фольклортану бағытындағы еңбектерде (Oshanov 2025, 14) «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры халық әңгімелеу дәстүрінің көркемдік мектебі ретінде қарастырылып, онда әйел бейнесінің тұрақтылығы мен оның символикалық рөлін айқындауға баса назар аударылады. Мәселен, Әділ Рақымов бұл жырдың халықтық баяндау дәстүріндегі ерекшеліктерін талдап, Баянның тұлғасы арқылы қазақ әйелінің парасаттылығы мен ішкі рухани тазалығын сипаттайды (Rakhimov 2024, 115). Ал Gülhan Atnur аталмыш эпостағы «geyik motifi» (бұғы бейнесі) арқылы әйел табиғаты мен рухани нәзіктіктің көрінісін талдайды (Atnur 2010). Бұл зерттеулер жырдың символдық жүйесін талдауда маңызды әдіснамалық негіз қалыптастырған. Сонымен қатар, Мармара университетінің зерттеушісі жырдың мәтіндік нұсқалары мен олардың тілдік, құрылымдық ерекшеліктерін жүйелеп, ғылыми айналымға енгізген (Kuanıŝbayev 2000). Бұл зерттеу қазіргі театр сахнасында эпостың заманауи тілде қайта өмір сүруіне филологиялық және мәдени база қалыптастырды. Қазіргі кезеңдегі зерттеулерде жырдың сахналық жаңғырығы мен әйел бейнесінің

театрдағы эволюциясы кеңінен қарастырылуда. Bhattacharjee өз еңбегінде театрдағы гендерлік динамиканы, әйелдің сахналық әрекет пен билік құрылымындағы орнын талдай отырып, әйел актерлердің шығармашылық бостандығын «рухани агенттік» ұғымымен байланыстырады (Bhattacharjee 2025, 90). Бұл деректер әйел бейнесінің сахнада мәдени және әлеуметтік тұрғыдан қайта мағыналануын дәлелдейді. Қазақ театртану ғылымында Б.К. Нұрпейіс¹⁶ терең зерттеген. Ол қазіргі қазақ театр режиссурасының теориясы мен тәжірибесіне талдау жасап, заманауи қойылымдарда әйел образының сахналық интерпретациясы ұлттық дүниетаныммен қатар, әлеуметтік-философиялық контексте жаңаша мағынаға ие болып отырғанын айтады.

Қойылым туралы ақпараттар мен театр сыншыларының пікірлері «Егемен Қазақстан» газетіндегі мақала мен «Қазақстан» редакциясынан алынған.

Зерттеу нәтижелері және талқылау. Қазақ фольклоры – ел рухының айнасы, ұлттың дүниетанымы мен эстетикалық талғамының көрінісі. Ол халықтың сезімдік, моральдық және рухани өмірін бейнелейтін баға жетпес мәдени мұра. Сол бай фольклорлық мұраның ішінде лиро-эпостық жырлар ерекше орын алады.

¹⁶ Б.К. Нұрпейіс, «Қазір Шекспирді қойып таңқалдыра алмайсың...», *Qazaq adebieti*, 6 апреля 2021 г.,

<https://qazaqadebieti.kz/28321/azir-shekspiridi-ojyp-ta-aldyra-almajsy>

Олар арқылы халық махаббат пен тағдыр, адамгершілік пен әділет, еркіндік пен әлеуметтік теңдік мәселелерін көркем тілмен жеткізеді. Осындай мәңгілік тақырыптарды көтерген туындылардың ішіндегі ең шоқтығы биігі – «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» эпосы. Бұл жыр ғасырлар бойы қазақ халқының рухани болмысын, эстетикалық және адамгершілік құндылықтарын сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткен рухани қазына болып табылады. Эпостың 20-дан астам нұсқасы бар, бұл оның халықтық сипаты мен өміршендігін дәлелдейді. Әдебиет және өнер институтының сирек қолжазбалар қорында 21 нұсқасы сақталған. Жырдың түрлі нұсқалары әр өңірдің тілдік ерекшеліктері мен орындаушының даралығын сақтай отырып, ауызша дәстүрдің үздік үлгісін көрсетеді. Лиро-эпос жанры – эпикалық баяндау мен лирикалық сезімнің тоғысы, адамның ішкі рухани әлемі мен қоғамдағы орнын бейнелейтін күрделі көркем форма. Бұл жанрдың басты ерекшелігі – оқиғаның тек сыртқы дамуын емес, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін, сезімдік күйін, адамгершілік және моральдық таңдауларын терең суреттеуінде. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» жыры осы жанрдың классикалық үлгісі ретінде махаббат пен еркіндік идеясын дәріптейді. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» дастаны – қазақ әдебиетінің аса құнды мұраларының бірі. Ол тек ғашықтық хикаяны баяндап қана қоймай, ұлттың

дүниетанымын, адамгершілік өлшемін және эстетикалық идеясын көркем образдар арқылы паш етеді. Бүгінгі таңда бұл эпос өзінің көркемдік және философиялық тереңдігін сақтай отырып, жаңа сахналық интерпретацияларда қайта жаңғырып келеді. Соның жарқын мысалы – Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында режиссер Гүлназ Балпейісова қойған «Баян Сұлу – Қозы Көрпеш» спектаклі. Режиссер атауды әдейі ауыстырып, әйел есімін бірінші қою арқылы Баян бейнесін орталыққа шығарады. Бұл – қазіргі қоғамдағы әйелдің еркіндігі, ішкі әлемі және рухани күресі туралы ой тастайтын режиссуралық шешім. Белгілі театртанушы Б.К. Нұрпейіс: «Қазақ театры әлемдік деңгейге көтерілсін десек, ең алдымен өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды танытатын спектакльдер қою керектігін жиі айтып жүрміз. Себебі, ұлттық рухы мықты, тамыры тереңге кеткен спектакль ғана өзге жұртты қызықтырары сөзсіз», – деп атап көрсетеді. Бұл пікір қазіргі сахналық өнердің басты бағытын айқындап, ұлттық рух пен мәдени тамырдың театр дамуы үшін шешуші рөл атқаратынын дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, Г. Балпейісованың «Баян Сұлу – Қозы Көрпеш» спектаклі дәл осы ұстанымға жауап береді. Режиссер ұлттық эпостың дәстүрлі мазмұнын сақтай отырып, оны заманауи сахналық тілде жаңаша

жеткізген. Спектакльде қазақтың рухани болмысы, салт-дәстүрі мен фольклорлық символдары қазіргі көрерменге түсінікті көркемдік формада бейнеленеді. Бұл – ұлттық құндылықтарға негізделген, сонымен бірге халықаралық деңгейде түсінікті бола алатын көркем синтездің көрінісі. Гүлназ Балпейісованың қойылымы дәстүрлі фольклорлық негіз бен заманауи театр эстетикасын ұштастыру арқылы ерекшеленеді. Ол фольклорды тек тарихи мұра ретінде емес, бүгінгі қоғаммен үндесетін тірі, динамикалық өнер формасы ретінде ұсынады. Гүлназ Балпейісова – қазіргі қазақ театр режиссурасындағы көрнекті тұлғалардың бірі. Ол өзінің шығармашылық ізденісінде ұлттық тақырып пен заманауи сахналық форманы тоғыстырып, әйел табиғатын, рухани еркіндік пен ішкі әлемнің күресін нәзік поэтикалық тілмен жеткізе біледі. Режиссердің еңбектерінде символдық бейнелер жүйесі мен пластикалық театр тәсілдері маңызды орын алады. Ол «поэтикалық театр» ұғымын ұлттық сахна кеңістігіне енгізіп, қазақ драматургиясына жаңа режиссуралық тыныс беріп жүрген шеберлердің бірі. «Баян Сұлу – Қозы Көрпеш» спектаклінде Балпейісова әйел тұлғасын шығарманың орталық өзегіне шығара отырып, дәстүрлі оқиғаны қазіргі заман контекстінде

жаңаша интерпретациялайды. «Сахнаның безендірілуі де тым бөлек. Төрт мезгілдің көрінісі. Су жағасы. Ағаштар. Көшпелі өмір көрінісі. Реквизиттерге ерекше мән берілген¹⁷». Бұл элементтер уақыт пен тағдырдың, махаббат пен мәңгіліктің тұтастығын білдіреді. Баянның қызыл жібек матамен оранған бейнесі – махаббаттың, рухани байлықтың және тәуекелдің көрінісі, ал су мен ай – адамның ішкі жан дүниесінің терең қозғалысын бейнелейді. Мұндай символика арқылы режиссер көрерменге тек оқиғаны емес, эмоциялық және философиялық әсерді қатар жеткізеді. Пластикалық шешімдер қойылымның эстетикалық өзегін құрайды. Кейбір көріністерде сөз екінші планға ығысып, актердің дене қимылы, ишара, тынысы мен ырғақ арқылы ішкі сезім әлемі ашылады. Бұл тәсіл – Балпейісова стиліне тән «пластикалық поэзия». Ол арқылы сахнада визуалды метафоралар туады: су толқыны – уақыттың ағысы, желдің тербелісі – рухтың қозғалысы, ал Баянның қозғалыстары – әйел жанының еркіндікке ұмтылысы ретінде көрініс табады. Сонымен қатар режиссер трагедиялық желінің эмоционалдық салмағын жеңілдету мақсатында комедиялық және көркем-қиялдық құрылымдар шебер қолданады. Гротеск пен символдың тоғысуы

¹⁷ Р. Сайлауқызы, «“Баян сұлу – Қозы Көрпеш” премьерасы көрермен назарына ұсынылды»,

Qazaqstan, 20 июня 2022 г., <https://qazaqstan.tv/news/159980>

спектакльдің көркемдік кеңістігін кеңейтіп, көрерменге түрлі деңгейде әсер етуге мүмкіндік береді. Әсіресе Қодар мен Қарабай бейнелеріндегі сарказм мен ирония арқылы әлеуметтік сын және рухани контраст берілген. Режиссерлік шешімнің тағы бір ерекшелігі – музыкалық драматургия. Оркестр мен заманауи әуендердің қатар қолданылуы дәстүрлі және қазіргі мәдени кодтардың үйлесімін көрсетеді. Мұнда ұлттық аспаптардың үні мен заманауи ырғақтың синтезі орын алып, спектакльге жаңа акустикалық кеңістік береді. Бұл тәсіл фольклорды заманауи санада қайта жаңғыртуға бағытталған. Гүлназ Балпейісованың «Баян Сұлу – Қозы Көрпеш» спектаклі – қазақ театр режиссурасында фольклорлық эпосты заманауи философиялық драмаға айналдырған маңызды көркемдік құбылыс. Ол әйелдің рухани әлемін жаңа көркемдік деңгейде ашып, көрерменді ұлттық мәдениет пен қазіргі заман арасындағы диалогқа шақырады. Режиссер Баян Сұлуды дәстүрлі фольклорлық кейіпкер ретінде емес, заманауи көзқараспен қайта қарастырып, оның ішкі психологиясын, еркін таңдауын және тұлғалық мінезін жаңа қырынан ашады. Актриса сомдаған образ көрерменнің санасындағы қалыптасқан романтикалық немесе идеалданған

Баян образына ұқсамайды, қайта мүлде басқа болмысқа ие жаңа кейіпке айналады. «Бұл Баянның бұған дейін біз көрген Баяндарға үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Мінез тұрғысынан да, менталитет жағынан да. Киім киісі мен жүріс-тұрысы, сахнадағы өмір сүруі турасындағы әңгіме тіпті бөлек». ¹⁸Баян бейнесі – спектакльдің эстетикалық әрі философиялық өзегін құрайды. Ақниет Орынтай сомдаған Баян – нәзіктік пен қайсарлықты, сезім мен сананы қатар алып жүрген күрделі тұлға. Оның ішкі драмасы – әйел рухының күресі мен махаббат алдындағы адалдығының көрінісі. Ақниет актрисалық пластика мен дауыс интонациясын шебер пайдалана отырып, Баянның жан толқынын, сүйіспеншілігі мен рухани арпалысын көрерменге терең жеткізеді. Әрбір қозғалысы, көзқарасы, тіпті үнсіз сәттері де поэтикалық мазмұнға толы. Ол нәзік ғашықтан тағдыр тәлкегіне қарсы тұра алатын өр мінезді әйелге айналады – бұл трансформация әйелдің ішкі эволюциясын бейнелейді. Күнікей (Айнұр Жетпісбаева) мен Мақпал (Алтынай Нөгербек) бейнелері арқылы әйел әлемінің көпқырлылығы айқындалады. Айнұр Жетпісбаеваның Күнікейі – сабыр мен даналықтың, ал Алтынай Нөгербектің Мақпалы – эмоционалдық шынайылық пен ішкі нәзіктіктің бейнесі. Олардың

¹⁸Н. Жұмабай, «Бұл-басқа Баян», *Егемен Қазақстан*, 2022 ж.,

<https://egemen.kz/article/316068-bul-%E2%80%93-basqa-bayan>

сахнадағы өзара қарым-қатынасы әйел болмысының түрлі қырларын – мейірім мен күресті, сүйіспеншілік пен үмітсіздікті қатар ашады. Спектакльдегі негізгі драматургиялық желілердің бірі – Баян бейнесімен тығыз байланысты ер кейіпкерлердің әрекеттік және психологиялық мотивациялары. Қарабай мен Қодардың мінездік бағыттары мен шешімдері Баянның тағдырлық таңдауларын айқындап, оқиғаның ішкі конфликтісін құрайтын басты тетіктердің біріне айналады. Әсіресе Қарабайдың әкелік ұстанымы, оның Баянға қатысты қабылдаған әлеуметтік-мәдени шешімдері Баян болмысының ашылуына ықпал етеді. Бұл образ арқылы қазақ қоғамындағы әйелдің еркіндік, таңдау және әкелік билік арасындағы қайшылығы көрініс табады. Қодар бейнесі де Баянның ішкі драмасын тереңдететін маңызды компонент ретінде көрінеді. Оның Баянға бағытталған әрекеттері мен мотивациясы жалпы трагедиялық шиеленістің күшеюіне себеп болып, Баян – Қозы – Қодар ұштағанындағы психологиялық тепе-теңдікті бұзады. Қодардың Баянға деген құштарлығы мен мақсатқа жетудегі өктемдігі әйел бейнесін ашатын эмоционалдық-динамикалық контексті қалыптастырады. Осыған байланысты Қодардың образы Баянның рухани тазалығын, ерік-жігерін және махаббатқа адалдығын айқындайтын қарама-қарсы күш ретінде қызмет атқарады. Осы екі ер кейіпкердің

Баянмен байланысы спектакльдің мағыналық құрылымын толық түсінуге мүмкіндік береді. Баян бейнесі олардың әрқайсысының іс-әрекеті арқылы жаңа қырынан ашылып, әйел тұлғасының драмалық салмағы күшейеді. Нәтижесінде спектакльдегі гендерлік, психологиялық және әлеуметтік қатынастар жүйесі күрделене түсіп, Баян образы орталық семантикалық түйін ретінде айқындалады. Қарабай рөліндегі Жасұлан Ерболат – дәстүрлі билік пен материалдық мүдденің символы. Оның бейнесі арқылы қоғамдағы әкелік билік пен әлеуметтік догмалар сыналады. Актердің ойын мәнері байсалды, кей тұстарда пафоспен өрілсе де, ол кейіпкерінің рухани дағдарысын анық жеткізе біледі. Қарабайдың әрбір шешімі мен әрекеті тек жеке мінез емес, тұтас дәуірдің әлеуметтік-психологиялық келбетін бейнелейді. Қодар бейнесін сомдаған Бекарыс Шалқар (мысалы, режиссерлік шешімде Қодардың комедиялық сипаты ерекше айқындалады) сахнада екіжақты әсер қалдырады. Бір жағынан, ол әлеуметтік шынайылықтың карикатурасы, қоғамдағы тұрпайылық пен қызғаныштың бейнесі болса, екінші жағынан, адами жалғыздық пен рухани мешеуліктің көрінісін береді. Қодардың сахналық әрекеттері көбіне гротескке, кейде пластикалық иронияға құрылған, бұл жалпы спектакльдің поэтикалық құрылымына заманауи ырғақ енгізеді. Актерлер

ансамблі біртұтас эмоционалды ағым құрып, сахна кеңістігін поэтикалық театр дәстүрінде меңгерген. Олардың ойыны тек сөзге емес, қозғалыс пен ишараға, ырғақ пен тынысқа негізделген. Бұл тұрғыда Гүлназ Балпейісованың режиссерлік шешімі – психологиялық тереңдік пен пластикалық театр тәсілдерін үйлестіру арқылы ұлттық материалды жаңа эстетикалық деңгейге көтеру. Қойылымда әр кейіпкердің ішкі монологы жарық, музыка, костюм арқылы ашылады. Актерлік ансамбльдің үйлесімді ойыны мен режиссердің поэтикалық көзқарасы бұл спектакльді тек «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының сахналық интерпретациясы ғана емес, әйел болмысы мен адам тағдыры туралы философиялық толғамға айналдырады.

Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театры Ғ. Мүсіреповтің «Баян Сұлу – Қозы Көрпеш» музыкалық драмасын Қырғыз Республикасының Бішкек қаласында өткен «АРТ-ОРДО – 2023» халықаралық театр фестивалінде ұсынды. 2023 жылы ұйымдастырылған бұл өнер додасы КСРО халық артисі, қырғыз театры мен киносының көрнекті актрисасы Бакен Қыдыкееваның 100 жылдық мерейтойына арналды. Фестивальге 6 шетелдік және 8 қырғыз театры қатысып, үздік қойылымдар мен актерлік жұмыстарын көрсетті. Халық

аспаптар оркестрі барлық музыкалық партияларды жанды дауыста орындап, көрініске ерекше эмоционалдық сипат берді. Сахнада көне дәуірдің хикаясы заманауи музыкалық әуенмен өрбіп, дәстүр мен қазіргі заманның үйлесімді синтезін көрсетті. Тіпті Майкл Джексонның әндерінен алынған әуендер де сахнада естіліп, режиссердің заманауи интерпретациясы мен шығармашылық батылдығын көрсетті. Нәтижесінде, әділ қазылар алқасының шешімімен Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының ұжымы 2022 жылы Ғ.Балпейісованың режиссерлігімен сахналанған «Баян сұлу-Қозы Көрпеш» спектаклі үшін Гран-при жүлдесімен және «ТҮРКСОЙ» халықаралық түркі мәдениеті ұйымының арнайы сыйлығымен марапатталды. Бұл жетістік – қазақ театр өнерінің халықаралық деңгейдегі беделін арттырған, ұлттық классиканы жаңа қырынан танытқан маңызды мәдени оқиға болды.

Қорытынды. «Баян Сұлу – Қозы Көрпеш» қойылымы – қазіргі қазақ театр өнерінің дамуы мен жаңашылдық ізденісінің айқын көрсеткіші. Бұл спектакль ұлттық фольклорды сахна тіліне заманауи үлгіде көшірудің көркем үлгісін ұсына отырып, дәстүрлі эпостың өміршеңдігін дәлелдеді. Гүлназ Балпейісованың режиссерлік шешімі арқылы қазақ әйелінің бейнесі тек

эпикалық символ деңгейінде емес, пластикалық шешімдер мен қазіргі қоғамдағы тұлғалық, рухани, музыкалық сүйемелдеу актер әлеуметтік өлшемдер тұрғысынан ойынының әсерін күшейтіп, жаңаша сипат алды. Қойылымның ең спектакльдің тұтас көркем құрылымын басты жетістігі – ұлттық тақырыпты толықтырды. Сонымен бірге терең философиялық және көркемдік бұл қойылым қазақ деңгейде өрбітуінде. Мұнда әйелдің театрындағы жаңа режиссуралық ішкі еркіндігі, рухани күресі бағыттардың қалыптасып келе мен махаббатқа адалдығы жатқанын байқатады. Балпейісованың адамзаттық деңгейге көтеріліп, қолтаңбасында нәзіктік пен мәңгілік құндылықтар тұрғысынан символизм, поэзия мен философиялық қарастырылады. Бұл тұрғыдан ой қатар өріліп, сахналық бейнелеу режиссер қазақ театрындағы әйел тәсілдері ұлттық театр эстетикасын образын тек кейіпкер емес, ой мен жаңа деңгейге көтерді. Жалпы сезім, ерік пен еркіндік тоғысқан алғанда, «Баян Сұлу – Қозы Көрпеш» көркем бейне ретінде танытты. спектаклі – ұлттық мұра мен қазіргі Актерлік құрам да спектакльдің көрермен талғамын тоғыстырған идеялық және эстетикалық мазмұнын заманауи синтездік туынды. Ол қазақ жоғары деңгейде жеткізді. Әр эпосының мәнін жаңа дәуірге орындаушы өз кейіпкерінің сай интерпретациялап, ұлттық психологиялық табиғатын, ішкі руханияттың жаңғыруына, театрдың иірімдерін терең түсініп, сахнадағы көркемдік көкжиегінің кеңеюіне зор әрекеттерін шынайы эмоциялық үлес қосты. қуатпен толықтырды. Әсіресе

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов, М.О. 2014. *Шығармаларының елу томдық толық жинағы*. Т. 28: *Мақалалар, зерттеулер, әңгіме, пьеса. 1946–1949*. Алматы: Дәуір, Жібек жолы.
2. Жолдасбеков, М., и С. Қасқабасов. 2002. «Қазақ эпосының шоқтығы (алғы сөз)». В *Қозы Көрпеш – Баян сұлу*, 7–26. Астана: Фолиант.
3. Atnur, G. 2010. “Kozi Körpeş ile Bayan Sulu Destanında Geyik Motifi.” *Journal of Turkish Research Institute* 12 (28): 213–222.
4. Bhattacharjee, Daisy. 2025. “Power, Performance, and the Embodied Ideal: Exploring Gender Dynamics in the Theatre Industry”. *Sociologica* 19 (1):83-107. <https://doi.org/10.6092/issn.1971-8853/19490>
5. Kuanışbayev, Ercan. 2000. *Kozi Körpeş Bayan Suluv Destanı: Giriş–Metin–Tercüme–Dizin*. Yüksek lisans tezi, Marmara Üniversitesi.

6. Rakhimov, A.M. 2024. "Tentative Study of Onomastic Material of National Versions of the *Kyz Zhibek* Epic." *Eposovedenie* 3: 108–123. <https://doi.org/10.25587/2782-4861-2024-3-108-123>
7. Orda, G., Z. Sarsenbayeva, B. Sultanova, N. Abilkhayirov, and K. Abdrakhmanova. 2021. "Artistic Transformation of the Female Image in Kazakh Literature." *Mankind Quarterly* 61 (3): 653–668. <https://doi.org/10.46469/mq.2021.61.3.16>
8. Reichl, Karl. 2021. *The Oral Epic: From Performance to Interpretation*. 1st ed. London: Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781003189114>
9. Oshanov, Orynbay. 2025. "Kozy Korpesh – Bayan Sulu, Aigy and Aybas: In the Light of New Archaeological Studies of the Monuments of the Abai Region." *Kazakhstan Archeology* 3: 11–20. <https://doi.org/10.52967/akz2025.3.29.11.20>

References:

1. Auezov, M.O. 2014. *Shygarmalarynyng elu tomdyq tolyq zhinagy*. Vol. 28: *Maqalalar, zertteuler, angime, p'esa. 1946–1949*. Almaty: Daur, Zhibek zholy. (In Qazaq).
2. Zholdasbekov, M., and S. Qasqabasov. 2002. "Qazaq eposynyng shoqtygy (algy soz)." In *Qozy Korpesh – Bayan sulu, 7–26*. Astana: Foliant. (In Qazaq).
3. Atnur, G. 2010. "Kozi Körpeş ile Bayan Sulu Destanında Geyik Motifi." *Journal of Turkish Research Institute* 12 (28): 213–222. (In Tur.).
4. Bhattacharjee, Daisy. 2025. "Power, Performance, and the Embodied Ideal: Exploring Gender Dynamics in the Theatre Industry". *Sociologica* 19 (1):83-107. <https://doi.org/10.6092/issn.1971-8853/19490> (In Engl.).
5. Kuanışbayev, Ercan. 2000. *Kozi Körpeş Bayan Sulu Destanı: Giriş–Metin–Tercüme–Dizin*. Yüksek lisans tezi, Marmara Üniversitesi. (In Tur.).
6. Rakhimov, A.M. 2024. "Tentative Study of Onomastic Material of National Versions of the *Kyz Zhibek* Epic." *Eposovedenie* 3: 108–123. <https://doi.org/10.25587/2782-4861-2024-3-108-123> (In Engl.).
7. Orda, G., Z. Sarsenbayeva, B. Sultanova, N. Abilkhayirov, and K. Abdrakhmanova. 2021. "Artistic Transformation of the Female Image in Kazakh Literature." *Mankind Quarterly* 61 (3): 653–668. <https://doi.org/10.46469/mq.2021.61.3.16> (In Engl.).
8. Reichl, Karl. 2021. *The Oral Epic: From Performance to Interpretation*. 1st ed. London: Routledge. <https://doi.org/10.4324/9781003189114> (In Engl.).
9. Oshanov, Orynbay. 2025. "Kozy Korpesh – Bayan Sulu, Aigy and Aybas: In the Light of New Archaeological Studies of the Monuments of the Abai Region." *Kazakhstan Archeology* 3: 11–20. <https://doi.org/10.52967/akz2025.3.29.11.20> (In Engl.).

Автор жайында қысқаша мағлұмат:

Ешмуратова Анар Карибаевна – PhD, Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Музыкалық-драмалық және қуыршақ театры өнері» кафедрасының аға оқытушысы

E-mail: anaraesmuratova974@gmail.com

Тел: +77013741311

Марғұланызы Майра – Күләш Байсейітова атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Университетінің 2 курс магистранты.

E-mail: maira0048@gmail.com

Тел: +77782631600

Brief Information about the Author:

Eshmuratova Anar Karibaevna – PhD, Senior Lecturer at the Department of Musical Drama and Puppet Theatre Arts, Kazakh National University of Arts named after Kulyash Baiseitova.

E-mail: anaraesmuratova974@gmail.com

Tel.: +7 701 374 13 11

Margulankyzy Maira – 2nd-year Master’s student at the Kazakh National University of Arts named after Kulyash Baiseitova.

E-mail: maira0048@gmail.com

Tel.: +7 778 263 16 00

Краткая информация об авторе:

Ешмуратова Анар Карибаевна – PhD, старший преподаватель кафедры «Музыкально-драматическое и кукольное театральное искусство» Казахского национального университета искусств имени Күләш Байсейітовой.

E-mail: anaraesmuratova974@gmail.com

Тел.: +7 701 374 13 11

Марғұланызы Майра – магистрант 2 курса Казахского национального университета искусств имени Күләш Байсейітовой.

E-mail: maira0048@gmail.com

Тел.: +7 778 263 16 00